



БАСЫЛЫМ МАЗМҰНЫ №2

- ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНДАҒЫ ЕҢ ІРІ ІС-ШАРА KAZAKHSTAN ENERGY WEEK 2019 БЕЛСЕНДІ ТҮРДЕ ДАЙЫНДЫҚ ЖҮРГІЗІЛУДЕ
- АЖҚС ЖАНЫНДАҒЫ ДҮКЕНДЕРДЕ ХАЛЫҚТЫҢ ТҰТЫНАТЫН БЕЛГІЛІ БІР ТАУАРЛАРЫН (АЛКОГОЛІ АЗ ІШІМДІКТЕРДІ) ӨТКІЗУГЕ ТЫЙЫМ САЛУДЫ АЛЫП ТАСТАУ МӘСЕЛЕСІ
- МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР ҰЛТТЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ
- МҰНАЙ-ГАЗ ЖӘНЕ МҰНАЙ-СЕРВИС КОМПАНИЯЛАРЫ БСҰ ЖАҒДАЙЛАРЫНДА ӨЗ ЖҰМЫСЫН ЖОСПАРЛАУДА
- ТЕҢІЗ НАЗАР ОРТАСЫНДА: KAZENERGY ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ «ТЕҢІЗШЕВРОЙЛ» КОМПАНИЯСЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ЕҢБЕК ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ БАЯН ЕТТІ
- ЖҰМЫС МАМАНДЫҒЫНЫҢ БЕДЕЛІН АРТТЫРА ОТЫРЫП
- ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ 29-ОТЫРЫСЫ
- АСТАНА ҚАЛАСЫНДА ІРІ МҰНАЙ-ГАЗ КОМПАНИЯЛАРЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІМЕН «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ» АТТЫ БИЗНЕС-ТАҢҒЫ АСЫ ӨТТІ
- 2020-2022 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МҰНАЙ-ГАЗ, МҰНАЙ ӨҢДЕУ ЖӘНЕ МҰНАЙ-ХИМИЯ САЛАЛАРЫНДАҒЫ САЛАЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ӘЗІРЛЕУ БОЙЫНША ЖҰМЫС БАСТАЛДЫ
- ҚР САЛЫҚ КОДЕКСІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ БОЙЫНША ЖҰМЫС МӘРТЕБЕСІ
- БІР ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ТЕКСЕРУ ПАРАҒЫ: ӘЗІРЛЕУГЕ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ КОДЕКСІ
- ЕҢ ҮЗДІК ШЕШІМДЕР ЖАСАУ БОЙЫНША ИДЕЯЛАР КОНКУРСЫ ТУРАЛЫ
- ҚАЗАҚСТАН-БРИТАН ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ 4-ОТЫРЫСЫ
- KAZENERGY ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ БАСШЫЛЫҒЫ 6-28 АҚПАН АРАЛЫҒЫНДА БІРҚАТАР КЕЗДЕСУЛЕР ӨТКІЗДІ
- KAZENERGY ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ АУҚЫМЫ КЕҢЕЮДЕ
- «STUDENT ENERGY CHALLENGE» КОНКУРСЫ 18 АҚПАНДА БАСТАЛДЫ

ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНДАҒЫ ЕҢ ІРІ ІС-ШАРА KAZAKHSTAN ENERGY WEEK 2019 БЕЛСЕНДІ ТҮРДЕ ДАЙЫНДЫҚ ЖҮРГІЗІЛУДЕ



12 ақпанда Астана қаласында KAZENERGY қауымдастығы Төрағасының орынбасары Ұзақбай Қарабалиннің төрағалығымен бағдарлама комитетінің үшінші отырысы өтті. Комитет мүшелері – Қазақстандағы ең ірі мұнай-газ компанияларының өкілдері Қазақстанда орталық энергетика оқиғасының мәртебесі берілген KAZENERGY XII Еуразиялық форумы, интерактивті көрме, сондай-ақ Астана қаласында 5 күн ішінде өтетін 20 бейінді іс-шара кіретін Энергетика апталығының архитектурасы бойынша өз идеяларын ұсынды.

Толығырақ:



АЖҚС ЖАНЫНДАҒЫ ДҮКЕНДЕРДЕ ХАЛЫҚТЫҢ ТҰТЫНАТЫН БЕЛГІЛІ БІР ТАУАРЛАРЫН (АЛКОГОЛІ АЗ ІШІМДІКТЕРДІ) ӨТКІЗУГЕ ТЫЙЫМ САЛУДЫ АЛЫП ТАСТАУ МӘСЕЛЕСІ

2019 жылғы 8 ақпанда Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының алаңында ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті, ҚР Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитеті, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулықты сақтау комитеті, «Kazenergy» ЗТБ және Қазақстан отын қауымдастығы өкілдерінің қатысуымен кеңес өткізілді. Кеңес барысында мемлекеттік органдар мен бизнес

өкілдері АЖҚС-да алкогольді өнімді сату мәселесі бойынша пікір алмасты.

Кездесу қорытындысы бойынша мемлекеттік органдармен осы мәселе бойынша жұмысты жалғастыру шешімі қабылданды.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР ҰЛТТЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Астанада Мүдделі тараптар ұлттық кеңесінің кезекті отырысы өтті. Отырыс жұмысына ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, мұнай-газ және тау-кен секторы қауымдастығының және Азаматтық қоғам өкілдері қатысты. Күн тәртібіндегі басты мәселелер – ӨСАБ стандартындағы өзгерістерге қатысты ұсыныстарды қарастыру, ӨСАБ-ты біріктіру рәсімдерін келісімдеу, ӨСАБ бойынша 2018 жылғы 14-Ұлттық есепті даярлауға арналған техникалық тапсырманы қарау, Kazenergy қауымдастығы өткізетін Қазақстандық энергетика апталығы аясындағы ӨСАБ бойынша Ұлттық конференцияға дайындық жайы, басқа да мәселелер.

ҚР МТҰК-тің 2019 жылғы 14 ақпандағы № 75 хаттамасымен толық ӨСАБ ұлттық сайты арқылы танысуға болады <http://eiti.geology.gov.kz/ru/the-national-council/minutes-of-meetings>.



Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com

МҰНАЙ-ГАЗ ЖӘНЕ МҰНАЙ-СЕРВИС КОМПАНИЯЛАРЫ БСҰ ЖАҒДАЙЛАРЫНДА ӨЗ ЖҰМЫСЫН ЖОСПАРЛАУДА



2015 жылғы 27 шілдеде Қазақстан ресми түрде Бүкіләлемдік Сауда Ұйымына (бұдан әрі – «БСҰ») қосылды. 2021 жылы 1 қаңтарда өтпелі кезең аяқталады және қазақстандық бизнес бүкіл әлемнен қарсыластарымен одан да қатаң бәсекелестік ортада болады. Бұл ретте бүгінгі күні Қазақстанның бірнеше нормативтік-құқықтық құжаттарында белгіленген отандық тауар өндірушілер мен жергілікті қамтуды қолдаудың 100-ден астам шаралары бар, бұл бір жағынан БСҰ нормалары мен қағидаларына қайшы келеді.

Толығырақ:



ТЕҢІЗ НАЗАР ОРТАСЫНДА: KAZENERGY ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ «ТЕҢІЗШЕВРОЙЛ» КОМПАНИЯСЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ЕҢБЕК ЖҰМЫСЫ

25 ақпанда «Теңізшевройл» ЖШС әріптестері KAZENERGY қауымдастығының қызметкерлерімен таныстыру түрінде әңгіме жүргізді. ТШО өкілдері үкіметпен және қоғаммен байланыс бөлімінің бас менеджері Рзабек Артығалиев, өндірістік бақылау тобының бастығы Маулензейн Ермұханбетов, базалық өндіріс менеджері Әділбек Бисембай қатысушыларға барлық қазақстандық мұнайдың 30%-н өндіретін ірі кен орынның күрделі өндірісі, мыңдаған қызметкерлер тұратын ұжымның күнделікті жұмысы жайында сөз етті, Теңіз кен орнының Болашақ кеңейту жобасын (БКЖ), Сағалық қысыммен басқару жобасын слайдтарда көрсете отырып, компанияны келешекте дамыту жоспарымен бөлісті.



Толығырақ:



ЖҰМЫС МАМАНДЫҒЫНЫҢ БЕДЕЛІН АРТТЫРА ОТЫРЫП

Нақты өнімді және адал еңбекті ынталандыру, өндіріс озаттарын қоғамдық көтермелеу жүйесін дамыту – Қазақстандық мұнай-газ кешенінің салалық кәсіподағының мүшелік ұйымдарының жұмысындағы маңызды құрамдас бөлігі. Астанада а.ж. 20 ақпанда ҚАЗМҰНАЙГАЗКӘСІП Орталық Кеңесі отырысының шеңберінде «Мұнай-газ өндірісінің озаты-2018» жыл сайынғы салалық байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті, оған еңбек, кәсіподақ қозғалысының ардагерлері, әлеуметтік әріптестердің – Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі мен KAZENERGY қауымдастығының өкілдері қатысты.

Толығырақ:



Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com



Ағымдағы жылғы 26 ақпанда Ғылыми-техникалық кеңестің (бұдан әрі - ФТК) 29-отырысы өтті. Күн тәртібі «Мұнай-газ ұңғымаларында көп кезеңді интенсификация жүргізу үшін ұңғымаларды аяқтау технологияларына» арналды. ФТК қатысушыларына Назарбаев Университеті, «Везерфорд» ЖШҚ, «Petro GM» ЖШҚ, «КАЗБУРИНВЕСТ» ЖШС-мен бірлесіп «Gryphon Oilfield Technologies Ltd», «Temir Energy Central Asia» ЖШС-мен бірлесіп «НИИ ТДБ КМГ» ЖШС, «ADL Completions» и «Interra Energy» ЖШҚ өкілдері жобаларын таныстырды.

Толығырақ:



АСТАНА ҚАЛАСЫНДА ІРІ МҰНАЙГАЗ КОМПАНИЯЛАРЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІМЕН «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ» АТТЫ БИЗНЕС-ТАҒҒЫ АСЫ ӨТТІ



28 ақпанда Астана қаласында «Қазақстан Республикасындағы мұнай-газ саласының болашағы» атты бизнес-таңғы асы өтті. Формальді емес жағдайда бизнес-таңғы асына қатысушылар, оның ішінде ірі отандық және шетелдік мұнай-газ, көлік және сервистік компаниялардың бірінші басшылары мен өкілдері, Forbes Club Kazakhstan мүшелері қаламқас-теңіз, КЕР-1 Қа-

рашығанақ, NERP, ПБР-ПУУД және т.б. жобаларды талқылады. Сонымен қатар мұнай-сервис қызметтерін дамыту, ірі өндірісті оқшаулау, КСШ отандық нарығының мүмкіндіктері сияқты мәселелер және қазақстанның мұнай-газ секторы саласындағы басқа да өзекті тақырыптар қаралды.

Толығырақ:



Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com




2020-2022 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МҰНАЙ-ГАЗ, МҰНАЙ ӨНДЕУ ЖӘНЕ МҰНАЙ-ХИМИЯ САЛАЛАРЫНДАҒЫ САЛАЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ӘЗІРЛЕУ БОЙЫНША ЖҰМЫС БАСТАЛДЫ

2019 жылғы 28 ақпанда Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінде Мұнай-газ саласындағы әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссияның кезекті отырысы өтті.

Күн тәртібінің негізі мәселесі Салалық комиссия тараптарының 2020-2022 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-химия салаларындағы салалық келісімді әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының құрамын бекіту болды.

Толығырақ:



ҚР САЛЫҚ КОДЕКСІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ БОЙЫНША ЖҰМЫС МӘРТЕБЕСІ

2019 жылғы қаңтарда ҚР Ұлттық экономика министрлігі жанында салық заңнамасын (Салық кодексі) жетілдіру жөніндегі жұмыс тобы құрылды.

2019 жылғы 1 ақпанда ҚР Экономика министрлігі, Мемлекеттік кірістер комитеті (ҚР ҚМ) өкілдерінің және Қауымдастық мүшелерінің қатысуымен Қауымдастық жанында Қаржы-экономикалық мәселелер жөніндегі үйлестіру кеңесінің отырысы өтті.

Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу бөлімі бойынша 20 түзе-

ту қаралды: корпоративтік табыс салығының мақсаты үшін жер қойнауын пайдаланушылардың шығыстары бойынша есептеулер, рента салығы, жазылыс бонус, тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемдер, жер асты суларына пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салық.

2019 жылғы 5 ақпанда осы отырыс қорытындыларын есепке алып, жоғарыда көрсетілген ҚР Ұлттық экономика министрлігі жанындағы жұмыс тобына қарау үшін Қауымдастық мүшелерінің Салық кодексіне мына бағыттар бойынша

енгізген 52 түзетуі бар салыстырмалы кесте жіберілді: корпоративтік табыс салығы бойынша 20 түзету, жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу бойынша 16 түзету, ҚҚС бойынша 10 түзету, салықтық әкімшілеу бойынша 4 түзету, жеке табыс салығы бойынша 2 түзету.

Қазіргі уақытта ҚР Ұлттық экономика министрлігі жанындағы жұмыс тобының мына тақырыптар бойынша үш отырысы өтті: қосылған құн салығы, корпоративтік табыс салығы, жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу.

БІР ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ТЕКСЕРУ ПАРАҒЫ: ӘЗІРЛЕУГЕ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ КОДЕКСІ

Данияр Абулғазиннің төрағалығымен өткен Ұлттық палатаның Мұнай-газ өнеркәсібі комитетінің отырысында өткен жылғы заң шығару жұмысы бойынша қорытынды шығарылды және одан әрі дамыту бағыттары талқыланды.

Толығырақ:



Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com

ЕҢ ҮЗДІК ШЕШІМДЕР ЖАСАУ БОЙЫНША ИДЕЯЛАР КОНКУРСЫ ТУРАЛЫ

Астанада ақпан соңында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп, ЕУ компаниясы техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту және жетілдіру бойынша инвесторлармен әріптестік жасау жол картасы шеңберінде алғаш рет республикалық ауқымда студенттер арасында digital дағдыларын қолдана отырып, ең үздік шешімдер жасау, Қазақстанның бизнес-қоғамдастығының диалогын және «Хакатон – идеялар конкурсы» білім беру жүйесін дамыту бойынша идеялар конкурсын өткізді. Конкурс мақсаты Қазақстан колледждерінің студенттерін Энерго» АҚ, «KEGOK» АҚ, «Business and Technology Services» ЖШС, «Gexabyte» компаниясы, «Қазпошта» АҚ, ORDA INVEST корпорациясы сияқты энергетика, тау-кен металлургия, құрылыс және IT секторлары компаниялары қатысты. Бизнес кейстерімен және қатысты. Ис-шара аяқталғанда, барлық студенттер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінен сертификаттар, сондай-ақ жұмыс берушілерден сыйлықтар алды. Аталған іс-шара жұмыс берушілер мен студенттер диалогы үшін бірегей ашық алаң құру бойынша мысал болды.

ҚАЗАҚСТАН-БРИТАН ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ 4-ОТЫРЫСЫ

А.ж. 1 наурызда Алматы қаласында жұмыс іс-сапары шеңберінде «KAZENERGY» қауымдастығының Адами капиталды дамыту жөніндегі атқарушы директоры Ляззат Ахмұрзина және «KAZENERGY» қауымдастығының мұнай-газ және энергетика салаларын дамыту департаментінің директоры Яромир Рабай Қазақстан-Британ Техникалық Университеті АҚ Консультациялық Кеңесінің 4-отырысына қатысты. Отырыстың күн тәртібінде ҚБТУ Индустриалық Комитеттерінің жұмысы туралы мәселелер қаралды, «ҚБТУ» АҚ Консультациялық кеңесінің 3 отырысының қорытындысы бойынша атқарылған жұмыс туралы есеп тыңдалды, ҚБТУ-де Honeywell зертханасын ашу, «МАКРОМАЙН Орталық Азия» ҚБТУ -де» бірлескен зертханасын ашу туралы келісімге қол қойылды және т.б. Кеңес шеңберінде KAZENERGY «Шелл Қазақстан» компаниясының қолдауымен жүргізілетін «Student Energy Challenge» зияткерлік командалық конкурсының басталғандығын жариялады. Бұл күні KAZENERGY Satbayev University-де Мұнай-газ ісі кафедрасының екінші және үшінші курсының студенттерімен кездесуі өтті. Кездесу барысында қатысушылар а.ж. 18 ақпанда басталған «Student Energy Challenge» зияткерлік командалық конкурсымен толық таныс болды. Кездесу барысында Конкурс ережесінің, сондай-ақ Қауымдастықтың қызметі, атап айтқанда оның іске асыратын білім беру бағдарламалары және алдағы XI жастар форумы туралы ақпараттың таныстырылымы өтті. Кездесу қорытындысы бойынша студенттер Конкурсқа қызығушылық танытып, оған қатысуға ниет білдірді. Презентация барысында «Student Energy Challenge» конкурсына қатысу үшін команда құрылып, оны Мұнай-газ ісі кафедрасының меңгерушісі Мұрат Сыздықов таныстыратын болады.

Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com



Ағымдағы жылғы 6-28 ақпан аралығында KAZENERGY басшылығы Қауымдастыққа мүше компанияларының басшыларымен, сондай-ақ мұнай-сервис ұйымдарымен бірқатар кездесулер өткізді. Атап айтқанда, «KPMG Audit» ЖШС, «Урал Ойл Энд Газ» ЖШС, «Siemens» ЖШС, «SSM Oil» ЖШС, «Жайықмұнай» ЖШС. Кездесулер қорытындысы бойынша Қауымдастық проблемалық және басқа мәселелердің тізбесін жасады, олар Қауымдастықтың 2019-2020 жылдарға арналған жұмыс жоспарына кіретін болады.

Кездесулерде еліміздің энергетика саласын дамыту, экологиялық заңнама мәселелері, сондай-ақ Қауымдастық пен компаниялардың ынтымақтастығын дамыту перспективалары туралы мәселелер талқыланды.



KAZENERGY ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ АУҚЫМЫ КЕҢЕЮДЕ!



KAZENERGY қауымдастығының қатары толып келеді. Ұйымның жаңа мүшесі «SSM-Ойл» компаниясы болды. «SSM-Ойл» ЖШС Қазақстан Республикасының Қызылорда облысында орналасқан блоктар аумағының шегінде көмірсутекті шикізатты барлауға арналған 2002 жылғы 11 желтоқсандағы №1057 келісімшарты бойынша жер қойнауын пайдаланушы болып табылады және өңірді әлеуметтік-экономикалық дамытуға айтарлықтай үлес қосады. Бұдан бұрын 2018 жылдың соңында Қауымдастыққа «Исатай Операйтинг Компани» ЖШС, Фрикфорт Инжиниринг Сервисиз Лимитед Казахстан» ЖШС, 2019 жылдың басында «Ernst&Young» ЖШС кіргенін еске сала кетейік.

«STUDENT ENERGY CHALLENGE» КОНКУРСЫ 18 АҚПАНДА БАСТАЛДЫ

«KAZENERGY» қауымдастығы және «Шелл Қазақстан» компаниясы а.ж. 18 ақпанда «Student Energy Challenge» зияткерлік командалық конкурсы ЖОО техникалық студенттік командалары арасында басталғанын хабарлайды. Конкурсқа қатысу үшін команда құрып, оған креативті атау беріп, команда капитанын таңдау қажет.

Команда капитаны өз командасын а.ж. 31 наурызға дейін

www.kazenergyforum.com → Басты → Тіркеу → Дербес деректерді толтыру → «Жастар форумының қатысушысы болып табыласыз ба?» сұрағына «Иә»

деп жауап беру → «Сіз команда капитаны болып табыласыз ба?» деген сұраққа «Иә» деп жауап беру → бұдан әрі → «Student Energy Challenge» конкурсына қатысушы команданың тіркеу нысанын толтыру сілтемесі бойынша тіркеу қажет.

Сәттілік тілейміз!

Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com



KEW
2 0 1 9
KAZAKHSTAN
ENERGY
WEEK

KAZAKHSTAN
ENERGY WEEK

XII
KAZENERGY
EURASIAN
FORUM
ASTANA

XII ЕВРАЗИЙСКИЙ
ФОРУМ KAZENERGY

 KAZENERGYFORUM.COM

 23-27 **Сентября** 2019

Астана, Казахстан